

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне концессия мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 20 сәуірдегі N 301 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне концессия мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

*Жоба*

**Қазақстан Республикасының Заңы**

**Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне концессия мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

1. "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасының 1994 ж. 21 қыркүйектегі Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 15, 201-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 186-құжат; 1998 ж., N 24, 447-құжат; 2001 ж., N 23, 309, 321-құжаттар; N 24, 338-құжат; 2003 ж., N 10, 54-құжат; 2004 ж., N 18, 140-құжат; N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 15, 63-құжат; 2006 ж. 14 ақпанда "Казakhstanская правда" газетінде жарияланған " Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 ж. 31 қаңтардағы Қазақстан Р е с п у б л и к а с ы н ы ң   З а ң ы   ) :

3-баптың бірінші бөлігінде "Мемлекеттік халықаралық маршруттар желісіне белгіленген тәртіппен енгізілген, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбеге сәйкес қорғаныстық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы магистральдық темір жол желілері, республикалық автомобиль жолдары, олардың бойындағы инженерлік құрылыстарды қоса," деген сөздер "Магистральдық темір жол желілері, жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары," деген сөздермен ауыстырылсын.

2. "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 ж. 17 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 17-18, 246-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

- 1) 1-баптың 4) тармақшасы алып тасталсын;
- 2) 4-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары немесе олардың учаскелері Қазақстан Республикасының концессия туралы заңнамасына сәйкес концессияға берілуі мүмкін."

3 ) 5 - б а п т а :

1-тармақта "басқа да заң актілерінде" деген сөздер "концессия туралы заңнамада" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 - т а р м а қ т а :

"келісімдер" деген сөз "шарттар" деген сөзбен ауыстырылсын;

"жеке және" деген сөздер алып тасталсын;

"заңдарда" деген сөз "концессия туралы заңнамада" деген сөздермен ауыстырылсын ;

4) 7-баптың 1-тармағында :

"мемлекеттік" деген сөз алып тасталсын;

"Жалпыға ортақ пайдаланылатын" деген сөздер "Концессияға берілген автомобиль жолдарын немесе олардың учаскелерін қоса алғанда, жалпыға ортақ пайдаланылатын" деген сөздермен ауыстырылсын;

5 ) 9 - б а п т а :

1-тармақта "жол органдарының" деген сөздерден кейін "немесе концессионерлердің" деген сөздермен толықтырылсын;

3 - т а р м а қ т а :

"жол органдары" деген сөздерден кейін "немесе концессионер" деген сөздермен толықтырылсын ;

б) 10-баптың 1-тармағында "тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер шегіндегі жергілікті атқарушы органдардың келісімі бойынша, жол органдары белгіленген" деген сөздер "жол органдарымен немесе концессионермен келісім бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер шегіндегі жергілікті атқарушы органдар белгілеген" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 11-баптың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"ақылы автомобиль жолдарының және көпір өткелдерінің пайдалану тәртібі мен шарттарын, сондай-ақ жүріп өту үшін алым ставкаларын бекіту;"

8 ) 1 2 - б а п т а :

14) тармақшада "туралы" деген сөзден кейін "және концессия туралы" деген сөздермен толықтырылсын ;

16) тармақшада "ақылы учаскелерін құру" деген сөздер "учаскелерін концессияға

беру" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 13-баптың 2-тармағында:

2) тармақшада "туралы" деген сөзден кейін "және концессия туралы" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) автомобиль жолдарының (көпір өткелдерінің) учаскелерін концессияға беру жөнінде ұсыныстар, оларды пайдалану тәртібі мен шарттарын, олармен жүріп өту үшін ставкалардың мөлшерін әзірлеу;"

10) 17-бапта:

1-тармақта мемлекеттік тілдегі мәтін өзгеріссіз қалдырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) автомобиль жолдары учаскелерінің концессия шартына байланысты концессионерлердің шеккен шығындарын өтеу концессия туралы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады."

3. "Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 ж. 8 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 23, 315-құжат; 2003 ж., N 10, 54-құжат; 2004 ж., N 18, 110-құжат; N 23, 142-құжат; 2006 ж. 14 ақпанда "Казахстанская правда" газетінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 ж. 31 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы):

5-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Магистральдық темір жол желісіне жатпайтын темір жолдарды салу (қайта жаңарту), сондай-ақ кейіннен пайдалану концессия шарттарының негізінде жүзеге асырылуы мүмкін."

**2-бап.** Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*